



Жоғары оқу орындарын аккредитациялау туралы ереже мен жоғары оқу орындарын автономияландыру туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 қыркүйек 1993 ж. N 873. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

Қазақстан Республикасының "Жоғары білім туралы" Заңына сәйкес
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мына ережелер:

Жоғары оқу орындарын автономияландыру туралы Ереже N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді, 2-тармақ күшін жойды -ҚРҮ-нің 1996.05.07. N 573 қаулысымен.

P960573_

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 қыркүйектегі
N 873 қаулысына
N 1 қосымша

Жоғары оқу орындарын аккредитациялау туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік түріне қарамастан, мемлекеттік аккредитация жүргізудің (бұдан әрі аккредитация) мақсатын, принциптерін және тәртібін айқындайды.

Аккредитациялау - жоғары оқу орындары қызметінің түпкі нәтижесінің жоғары деңгейін мемлекет пен қоғамның тануының актісі.

2. Аккредитациялау мынадай мақсаттарды:

- жоғары оқу орындарының қызметіне қосымша ұйымдастырушылық-экономикалық және әлеуметтік-құқықтық ынталандыру енгізу арқылы мамандар даярлаудың деңгейі мен ғылыми-зерттеулердің тиімділігін арттыруды;

- ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекелестік қабілеті барынша мол жоғары білім алудың мүмкіндіктері туралы азаматтарға тиянақты мағлұмат беруді;

азаматтарға нақтылы бір жоғары оқу орнында халықаралық білім стандарттарына сай келетін жоғары білім алу сапасына кепілдік беруді;

- аккредитациядан өткен жоғары оқу орындарына мемлекетпен, қоғаммен және мамандарды қабылдап алушылармен өзара қарым-қатынаста басымдықты қамтамасыз етуді;

- әлемдік жоғары білім жүйесіне кірігуді;

- жоғары мектепті басқару жүйесін жетілдіруді, онда өзін-өзі ұйымдастыру жүйесін дамытуды көздейді.

3. Аккредитациялаудың негізгі принциптері:

Аккредитациялауда мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың тең хұқылы қатысуын көздейтін аккредитациялау жүйесін ұйымдастырудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты;

- жариялылығы;

- жоғары оқу орындарының аккредитациялау процесіне қатысу еріктілігі;

- біртектес жоғары оқу орындарының қызметіне байланысты аккредитация рәсімдері мен бағалау жөніндегі нормативті талаптардың объективтілігі мен әдістемелік тұтастығы;

- аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орындарында жоғары білім, ғылым,

техника мен мәдениет саласындағы отандық және әлемдік тәжірибенің барынша озық жетістіктерін енгізу;

- аккредитациялаудың республикалық жүйесінің мемлекетаралық жүйелермен өзара үйлесімділігі (баламалығы);

- жоғары оқу орнына аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орны мәртебесін беру мерзімінің шектеулілігі болып табылады.

4. Мемлекеттік аттестациядан өткен жоғары оқу орындары ғана аккредитациядан өту мүмкіндігіне ие бола алады.

II. Аккредитациялауды өткізу тәртібі

5. Жоғары оқу орындарына аккредитация жүргізуді мамандар даярлауға тапсырыс берушілердің және басқа мүдделі құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен бірлесе отырып, Білім министрлігі (бұдан былай - аккредитациялау органы) өткізеді.

6. Жоғары оқу орындарын аккредитациялау ерікті негізде жүзеге асырылады. Оны өткізуге жоғары оқу орны ғылыми кеңесінің аккредитация органына жолдаған шешімі негіз болып табылады. Жоғары оқу орнының өтінімі бойынша тұтас оқу орны немесе жеке мамандықтар ғана аккредитациялаудан өткізілуі мүмкін.

7. Аккредитациялау рәсімі ақылы негізде жүргізіледі. Аккредитациялауды өткізу шығындары жоғары оқу орнының қаржысы есебінен төленеді.

8. Аккредитациялау органы:

- жоғары оқу орындарын мемлекеттік аккредитациялаудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін, аккредитациялау мен өзін-өзі зерделеуінің талаптарын, өлшемдерін, әдістемелері мен құралдарын әзірлеуді;

- аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орындарының, мамандықтардың республикалық тізілімін жүргізуді;

- жоғары оқу орындары, жеке мамандықтарды аккредитациялау мәселесі туралы деректер банкін жасауды;

- жоғары мектеп, ғылыми мекеме, жоғары білімді басқару органдары, кәсіптік қоғамдар мен шығармашылық одақтардың еріктілік негізінде қатыстырылатын мүдделі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер өкілдерінен сараптау комиссияларын құруды;

- жоғары оқу орындарын аккредитациялау жұмысына қатыстырылатын адамдар мен сарапшыларды даярлау мен аттестациялауды;

- аккредитациялау құжаттарын әзірлеп, бекітуді жүзеге асырады.

9. Сараптау комиссиясының тікелей жоғары оқу орнындағы жұмыс мерзімі

б і р а й д а н а с п а у ғ а т и і с .

10. Аккредитациялау барысында мамандар даярлау мен ғылыми

зерттеулердің сапасын сипаттайтын аса маңызды көрсеткіштері, олардың халықаралық стандартқа сәйкестігі рейтинг жүйесі арқылы бағаланады.

11. Аккредитациялау органы жоғары оқу орнының берген материалдарын талдау негізінде аккредитациялау сараптамасын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

12. Жүргізілген сараптама нәтижесі бойынша сараптау комиссиясы дәлелді қорытынды дайындап, оны Қазақстан Республикасының Білім министрлігі алқасының бекітуіне тапсырады.

13. Жоғары оқу орындары мен аккредитациялау органы арасындағы келіспеушілік сот арқылы шешіледі.

III. Аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орындарының құқықтары мен жеңілдіктері

14. Толық немесе жекелеген мамандықтары бойынша аккредитациялаудан өткен оқу орындарына 5 жыл мерзімге мемлекеттік сертификат беріледі.

Сертификатқа аккредитациялаудан өткен мамандықтардың тізбесі енгізіледі.

Жоғары оқу орнын бітірушілердің дипломдарына Білім министрлігі белгілеген тәртіп бойынша сертификация жөнінде белгі қойылады.

15. Аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орындары, мамандықтар туралы мағлұматтар арнаулы және бұқаралық мерзімді баспасөзде, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған анықтамалықтарда жарияланады, республикалық және шетел каталогтары мен аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орындарының тізіміне енгізіледі.

16. Аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орындарының басшылары мен профессор-оқытушы құрамының жалақысына үстеме Республика Үкіметі анықтаған мөлшерде белгіленеді.

17. Аккредитациялаудан өтті деп танылған жоғары оқу орындарының ректорды өздері сайлауға құқығы бар.

18. Аккредитациялаудан өткен жоғары оқу орнына Республика үкіметі қосымша құқықтар мен жеңілдіктер, айрықша жағдайда автономдық мәртебе бері мүмкін.

19. Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарын аккредитациялаудан өткізу Министрлер Кабинетінің "Білім қызметін лицензиялау тәртібі туралы Ережені

және Мемлекеттік немесе білім мекемелері туралы Ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 13 шілдедегі N 597 P930597_ қаулысындағы мемлекеттік емес білім мекемелері туралы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 қыркүйектегі
N 873 қаулысына
N 2 қосымша

Жоғары оқу орнының автономиялығы туралы
Е р е ж е

1. Бұл Ереже автономиялы мемлекеттік жоғары оқу орнының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдық құрылымы мен құқығын анықтайды.

2. Өзін-өзі басқаратын автономиялы жоғары оқу орны мәртебесін жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті береді. Ерекше жағдайларда автономиялы жоғары оқу орны мәртебесін Қазақстан Республикасының Президенті беруі мүмкін.

3. Автономиялы жоғары оқу орны өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің нормативті актілерін, сонымен қатар, осы Ережені және жоғары оқу орындарының жарғысын басшылыққа а л а д ы .

4. Автономиялы жоғары оқу орны:
мамандар даярлаудың әлемдік стандарттарына сай келетін жоғары білім берудің тұрақты биік деңгейіне кепілдік береді;
бюджет қаржысы мен бюджеттен тыс қаржыларды тиімді пайдалануды жү з е г е а с ы р а д ы ;

жоғары оқу орнының студенттері мен қызметкерлерінің парасат пен мәдени жағынан дамуының шарттарына сай келетін материалдық-техникалық және элеуметтік базаны иеленеді;
республиканың білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдеседі;

негізгі қызметін қамтамасыз ету үшін заңдарға қайшы келмейтін басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

5. Автономиялы жоғары оқу орнының:

жоғары оқу орнының құрылымы мен штатын, шет ел ғалымдары мен мамандарын қоса алғанда, профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары мен мөлшерін өздігінен анықтауға;

мамандар даярлаудың жаңа бағыттарын, студенттерді, стажерлерді, аспиранттар мен докторанттарды қабылдаудың жоспары мен тәртібін, сонымен қатар, оларды оқытудың мерзімі мен нысанын анықтауға;

жоғары оқу орнының негізгі қызметінің барлық бағыттары бойынша шетелдік ұйымдармен шарттар жасауға, халықаралық бағдарламаларға, симпозиумдар мен конференцияларға қатысуға;

оқытушыларға доцент және профессор деген ғылыми атақ беруде соңғы сараптама жүргізуге құқығы бар.

6. Автономиялы жоғары оқу орнының тікелей қарамағындағы барлық негізгі қорлар мен айналым қаражаты шаруашылық жүргізуде түгелдей оның иелігіне беріледі. Алдағы уақытта мұның бәріне автономиялы жоғары оқу орнының өзі ғана иелік етіп, пайдаланады және жұмсайды.

7. Автономиялы жоғары оқу орны:

Үкімет қаржыландыратын республикалық және халықаралық бағдарламаларға қатысуға;

мамандар даярлауға, халықаралық байланысты дамытуға және республиканы өркендетудің көкейкесті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге нысаналы мемлекеттік жәрдем алуға;

жер учаскесін алуға және жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшелерін ұйымдастыруда мемлекеттік өкіметтің республикалық және жергілікті органдары тарапынан көмек алуға басымдық құқығымен пайдаланды.

Автономиялы жоғары оқу орнына үкімет тарапынан басқа да құқықтар мен жеңілдіктер берілуі мүмкін.

8. Автономиялы жоғары оқу орнын дербес нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тікелей қаржыландырады.

9. Автономиялы жоғары оқу орны өзінің негізгі қызметінде барлық мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, басқа да республикалық мекемелермен және ұйымдармен тура байланыс жасап отырады.

10. Автономиялы жоғары оқу орны өзінің ректорын өзі сайлап алуға хақылы, оны Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Автономиялы жоғары оқу орны ректорының лауазымдық жалақысын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

11. Автономиялы жоғары оқу орны білім беру саласында атқарушы өкіметтің

орталық органы ретінде Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жүргізетін мемлекеттік аттестациядан өтіп отыруға тиіс.

12. Мамандар даярлаудың сапасы төмендеп, жоғары білім беру мемлекеттік талаптарға сай келмеген жағдайда жоғары оқу орны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен өзінің автономиялық мәртебесінен айырылуы мүмкін.

13. Автономиялы оқу орнының қызметін қоғам мүддесімен ұштастыру үшін, оған қаржылай көмек көрсетіп, материалдық-техникалық базасын нығайту үшін, сонымен бірге, оның интеллектуалдық әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін Қамқоршылар кеңесі құрылады.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін Қамқоршылар кеңесінің құрамына автономиялы жоғары оқу орнының проблемаларын шешуге үлкен үлес қосуға қабілетті ғылымның, білім беру саласы мен мәдениеттің, шығармашылық және өзге ұйымдардың, меншіктің түрлі нысанындағы кәсіпорындардың, қорлардың, ассоциациялардың, акционерлік қоғамдардың және басқаларының көрнекті өкілдері кіре алады.

14. Автономиялы жоғары оқу орнының мүддесі үшін бақылау және қорғау функцияларын, бұларды уақтылы және толығымен орындауды, әрі оқу орнын дамыту мәселелерін шешуді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.